

МРНТИ 06.52.17

JEL Classification: I32

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-5-6-16>

ПАНДЕМИЯНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ КЕДЕЙЛІК ДЕҢГЕЙІНІҢ ӨЗГЕРУІНЕ ӘСЕРІ

А. А. Ибрагимова¹, Г. У. Макенова^{1*}, М. К. Тулеубаева²

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Мақаланың мақсаты бүкіл әлемді жаулаған пандемия әлем елдерінің әлеуметтік жағдайларының төмендеуі, әл-ауқат теңсіздігі мен кедейлік шегінің өзгерісіне әсерін зерттеу.

Әдіснамасы. Әлемдік әлеуметтік теңсіздікті төмендету мен жою, пандемия нәтижесінде кедейлік шегінің өзгеруін, елдерде әлеуметтік қорғаудың ең төменгі шегін қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың шамасын талдау барысында ақпараттар жинау, өңдеу және жалпылау, халықаралық ұйымдар мен қорлардың материалдары мен отандық және шетел зерттеуші ғалымдарының еңбектерін талдауда, салыстыруға мүмкіндік беретін жалпы логикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Жағандық деңгейдегі кедейлік құрамының өсуін алдын алу үшін, әлемдік ғалымдар ғылыми жұмыстары мен халықаралық ұйымдардың материалдарына талдау жүргізу арқылы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәселелердің кемшіліктері мен әлсіз тұстарын анықтау арқылы инклюзивті экономикалық даму моделі негізінде кластерлік дамуына бағытталуы мақаланың құндылығын жоғарылатады.

Зерттеу нәтижелері. Мақалада коронавирустық дағдарыс туындатқан әлемдік кедейлік шегіндегі өзгерістер, пандемияның нәтижесінде жұмыс орнынан айрылғандардың гендерлік айырмашылығы, үй шаруашылығы мен орта бизнеске түскен әсері, АҚШ ғалымы М. Портердің Әлеуметтік даму индексі, 2021 жылғы Әлеуметтік даму индексындағы Қазақстанның позициясы, сонымен қатар, осы индекстегі Қазақстанның мықты және осал тұстары, Халықаралық Валюта қорының 29 кедей елдеріне пандемиялық дағдарыстан шығу мақсатында жеңілдетілген несие бөлу шаралары және Қазақстанның пандемияға қарсы жүргізген бағдарламалары негізінде қарастырылады.

Автор талдау барысында БҰҰ-ң 2030 жылға арналған Тұрақты даму күн тәртібіндегі бағыттарын жүзеге асыру мақсаттары, Дүниежүзілік банктің 2022 жылғы әлемдік даму туралы баяндамасы, Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) кедей елдерге жеңілдетілген несие беру кезеңдері және ХВҚ-ң фискалдық мониторы, жағандық пандемияға жауап ретінде Қазақстан Республикасының фискалдық шаралары талданады.

Түйін сөздер: пандемия, теңсіздік, байлар, кедейлік, инклюзивті, әлеуметтік мәселеле, күнкөріс.

КІРІСПЕ

2015 жылы 25 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) басқаруымен 2030 жылдарға дейінгі Тұрақты дамудың 17 мақсаттары күн тәртібінде қабылданды. Тұрақты дамудың негізгі мақсаттары – кедейшілікті жою, теңсіздікті күрес пен әділдікке қол жеткізу, экологиялық тұрақтылықты сақтау [1].

БҰҰ күн тәртібіндегі Тұрақты дамудың мақсаттарына сәйкес, Қазақстанның инклюзивті экономикалық дамуындағы негізгі қадамдарындағы мақсаттары халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс-дәрежесінің тұрақты дамуы, яғни, әл-ауқаты теңсіздігімен күрес болып отыр. Тұрақты дамудың негізгі мақсаттары COVID-19 пандемиясынан кейін, Қазақстан және басқа мемлекеттер үшін де өзекті болып отыр. Пандемия нәтижесінде қалыптасып отырған халықтың арасындағы әлеуметтік-экономикалық

теңсіздіктің күрделенуін әлем ғалымдарының жан-жақты талдауы зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

2019 жылы әлем бойынша қарқын алған пандемия дерті, локдаундар мен түрлі деңгейдегі шектеулер миллиондаған халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі мен табыстарына кері әсерін тигізді.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы «Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика» негізінде дамуы моделіне сәйкес және 2022 жылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауына байланысты Қазақстан Республикасының жаңаруы мен жаңғыруы инклюзивті экономикалық өсуге бағыттталып отыр [2].

Әлемдегі теңсіздіктің өсуіне және елдер арасындағы тұрақты дамудың бағытын өзгерткен 2020 жылғы бүкіл әлемді жаулаған пандемия елдердің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін құлдыратты.

Пандемия халықтың және аймақтар арасындағы теңсіздіктің, жаһандық кедейлік деңгейінің өзгеруі мен өсу тереңдеуін зерттеу мақаланың негізгі мақсаты және әлем бойынша зерттеу жұмыстарын жан-жақты талдау арқылы кедейлік деңгейін анықтау мақаланың міндеті болып отыр.

БҰҰ-ң 2030 жылға арналған Тұрақты даму бағыттарын жүзеге асыру мақсаты кезеңінде, бүкіл әлем күрделі пандемия сынағынан өтуде. Жаһандық кедейшілік алғаш рет 1998 жылдан бері алғаш рет өзгеріске ұшырады [3].

Пандемия уақытындағы мемлекеттер мен халықтың арасындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің өсуі, кедейлік шегіндегі өзгерісі отандық зерттеуші ғалымдар, алыс және шетел ғалымдары, сонымен қатар, халықаралық ұйымдар зерттеулерінен орын алады.

Отандық зерттеуші Г. Б. Молдабеков, А. А. Альшанская, ресей ғалымдары П. М. Лукичев, А. Н. Шеремет, А. Вебер және В. Волович, Еуропа зерттеушілері М. Doyle және J. Stiglitz ғалымдары, АҚШ ғалымдарынан R. Estes, M. Porter, Оңтүстік Африка, Австралия зерттеушілері J. N. Ng'ombe, K. N. Addai, O. Temoso-ның ғылыми зерттеу жұмыстарында, қытай ғалымдары Т. Chen, С. Коо және Х. Yang, L. Geng, түрік ғалымы G. Gozgor зерттеушілерінің ғылыми мақалаларында, сонымен қатар, Дүниежүзілік кәсіпкерлер инвестициялық форумы (WEIF 2022) материалдарында халықтың әлеуметтік мәселелері қарастырылады. Әлеуметтік мәселелердің принциптерін терең зерттеп, 52 түрлі әлеуметтік индикаторларды 3 блокқа бөлу арқылы М. Porter 2013 жылы әлеуметтік даму индикаторлары негізінде «Әлеуметтік даму индексі» өзінің ғылыми зерттеулерінде талданады.

Әдіснама. Әлем бойынша пандемия салдарынан халықтың әл-ауқаты мен өмір сүрудің деңгейінің төмендеуі, жаңа кедейлік санының өсуін зерттеу барысында талдау және біріктіру, салыстырмалы аналитикалық, ғылыми жалпылау әдістері, отандық зерттеушілер, алыс және жақын шетел ғалымдары, соның ішінде, ресей зерттеушілері, американдық, қытай, түрік ғалымдарының, халықаралық ұйымдардың материалдары мен жинақтары негізінде салыстыруға мүмкіндік беретін жалпы логикалық әдістерін қолдануда жаһандық деңгейде Қазақстан Республикасының байлар мен кедейлер шегі арасындағы алшақтық өзгерісінің нәтижесі анықталды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

2020 жылы 100 млн.-нан астам адамдар кедейліктің өте төмен деңгейіне жетіп, дағдарыс нәтижесінде әлемнің кейбір елдерінде созылмалы түрдегі азық-түліктің жетіспеушілігі орын алды. Пандемия салдарынан жұмысбасты адамдар жалпы жұмыс уақытының 8,8 %-ын жоғалтып (255 млн. толық жұмыс уақытсына теңесті). Локдаундар мен шектеулер нәтижесінде миллиондаған адамдар жұмысынан айрылып, экономикалық және әлеуметтік мәселелердің күшеюіне алып келді. Нәтижесінде медициналық қызметтердің үзілуіне, соның ішінде ана мен бала денсаулығын көтеру, түрлі жұқпалы аурулар бойынша жүргізетін жұмыстарға кедергі жасалды [3].

Дүниежүзілік банктің Әлемдік даму туралы 2022 жылғы есебінде 2020 жылы күшейген пандемияның экономикалық салдары жалпы елдер үшін әртүрлілігі баяндалады. Кесел барлық елдер (бай және кедей) үшін үлкен сынаққа айналып, экономика кемшіліктерінің айқындалуына, атап айтқанда үй шаруашылықтары мен орташа фирмалары үшін қиыншылықтарына, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың табыстарына кері әсері қарастырылады.


2020 жылы үй шаруашылықтарының 50 %-ы үш айдың ішінде күнделікті тұтынатын құндылықтарына қол жеткізе алмайтындығына, ал орташа деңгейдегі фирмалардың ақшалай қоры 51 күнге дейін жетпейтіндігі пайымдалады [4]. Пандемия әсіресе әлеуметтік осал топтарға қатты әсер етті. 2020 жылы әлем елдерінің 70 %-ы бастауыш білімі бар азаматтардың уақытша жұмыссыздар қатарына қосылуына алып келді. Табысын жоғалтқандар арасында жастар, әйелдер, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, қарапайым жұмысшылар болды және олардың саны күрт көбейді [4].

Бірінші дүние жүзілік соғыс, Ұлы депрессия, Екінші дүние жүзілік соғыс, Әлемдік қаржылық дағдарыс, COVID-19 әлемдік тарихта орын алған дағдарыстар және де соңғы дағдарыс салдары өте жоғары.

Дағдарыс салдарынан 2020 жылдың маусымына дейінгі уақытта жұмыс орнынан айрылғандардың гендерлік айырмашылығы бойынша әйелдер 42 %-ға және ерлер 31 %-ға өзгерген [1].

Шетел ғалымы Carmen M. Reinhart зерттеулерінде жан басына шаққандағы ЖІӨ-і төмендеген елдердің үлесі 1901-2021 жылдар аралығындағы өзгерістер талданады. 1901-2021 жылдар аралығында жан басына шаққандағы ЖІӨ-і төмендеген елдердің үлесіне сәйкес, 1929-1931 жылдары Ұлы депрессия салдарынан осы көрсеткіштің үлесі 1931 жылы 83 %-ды құраса, 2019 жылғы пандемия салдарынан осы көрсеткіш үлесі 2020 жылы 90 %-ды құрады [5]. Яғни, 2019 жылғы пандемияның салдары Ұлы депрессия салдарынан 7 %-ға үлкен, пандемия салдары халық кірістерінің күрт төмендегендігі белгілі.

Пандемия салдарынан жаһандық теңсіздікті анықтауда кірістер шегін 2020-2021 жылдар аралығын квинтильмен есептеу (5 түрлі деңгейге бөлу) негізінде салыстыру 1-суретте қарастырылады. Қазіргі уақытта кедей елдер ұзаққа созылған COVID-19 дағдарысымен күресуде және бұл жағдай халықаралық ұйымдар жүргізіп отырған жұмыстарына кедергі жасап, теңсіздіктің қысқаруына қарсы өзгеріс енгізіп отыр.



Сурет 1 – Елдер арасындағы теңсіздіктің өсуі (%), 2020-2021 жылдар

Ескерту – [5] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

1-суреттегі ақпаратқа сәйкес, 2020 жылы бай елдер мен кедей елдер арасындағы айырмашылық 1,5 %-ды құраса, 2021 жылы осы айырмашылық 4,1 % құрап отыр, яғни, әлем бойынша бай елдер мен кедей елдер арасындағы айырмашылық 2,6 %-ға өсіп отыр. Екінші, үшінші, төртінші деңгейдегі елдер де 2020-2021 жылдары теңсіздіктің өсу тенденциясының қалыптасқандығы орын алады.

2020 жылы бірінші пандемия толқынынан кейін әлем елдері үлкен теңсіздіктің өсуіне және 2021 жылы теңсіздіктің кеңеюіне алып келгендігі (1,6 есеге) көрінеді, бұрынғы кедейлерден басқа жаңа кедейлердің қалыптасуы орын алып отыр.

Халықаралық ұйымдар, соның ішінде Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) кедей елдерге қаржылық көмек шараларын 2020 жылдан бастап жүргізе бастады.

2020 жылы ХВҚ-нан қаржыландыру көзделіп, кедей мемлекеттерге көмек көрсету, соның ішіндегі кедейлік шегі төмен 26 мемлекет тарапынан қаржылық көмекті сұрау негізінде жоспарланған. Пандемия нәтижесінде қалыптасқан негізгі мәселені шешу үшін: төлем балансы, экономиканы тұрақтандыру және қалпына келтіру, тұрақты экономикалық өсуді қалыптасыру үшін жеңілдетілген несие көлемі 1 трлн. долл. құрады. Мұндай көлемдегі қаржылық көмектің мақсаты, адам өмірін сақтау мен өмір сүруге қажетті құндылықтарға қол жеткізу болып отыр.

Сонымен қатар, пандемияға байланысты ХВҚ-ы 2021 жылы несиелеу жұмыстарын жүргізумен қатар, 36 мемлекетке экономикалық бақылау жүргізу жұмыстарына бағытталды. ХВҚ-ы тұрақтылық үшін ықтимал тәуекелдерді шешу үшін саясатты түзету туралы кеңес беру бірінші жүргізілетін бағыт болды.

Неселеу жұмыстары 98 млрд. долл., соның ішінде 10 млрд. долл. табысы төмен 31 мемлекетке, жалпы бөлінген қаржы шамамен 110 млрд. долл. тең. Осы қаражаттың ішінен 17 млрд. долл. (12 млрд. *SDR) 39 мемлекетке және 6 млрд. долл. 26 мемлекетке шұғыл түрде қаржыландыру екінші бағыттағы жұмыстар еді.

Практикалық техникалық кеңестер, саясатқа бағытталған оқытулар, түрлі мамандарды даярлау мақсатында мемлекет пен аймақтар әлеуетін дамытуға 251 млн. долл. бөлінуі ХВҚ-ң үшінші бағыты болды [6, б. 23-29].

Траст қоры арқылы 29 мемлекетке ХВҚ-ы пандемиялық әлеуметтік-экономикалық мәселелер, дағдарыстан шығу мақсатында жеңілдетілген несие түріндегі қаржылық көмек 3 бөліктен тұрады. 1-кестеде 29 мемлекетке ХВҚ-нан бөлінген қаржылық көмек талданады (SDR млн., 2021 жылыдың 30 сәуіріндегі жағдай бойынша). Аталған мемлекеттер үшін қаржылық көмек негізінен халықтың әлауқатын көтеруге бағытталады.

Кесте 1 – Халықаралық Валюта Қоры 29 кедей елдеріне бөлінетін жеңілдетілген қаржылық көмегі (SDR* млн.), 2020-2021 жылдар


№	елдер	1 транш 30 сәуір 2020 жыл	2 транш 2 қазан 2020 жыл	3 транш 1 сәуір 2021 жыл
1	Ауғаныстан	2,40	2,40	2,40
2	Бенин	7,43	6,37	5,31
3	Буркина-Фасо	8,74	10,30	9,65
4	Бурунди	5,48	4,82	4,16
5	Орталық Африка Республикасы	2,96	2,82	2,92
6	Чад	0	2,00	4,06
7	Комор аралы	0,97	0,81	0,65
8	Конго	14,85	9,90	4,95
9	Джибути	1,69	1,69	1,40
10	Эфиопия	8,56	4,50	0,47
11	Гамбия	2,10	2,10	1,87
12	Гвинея	16,37	16,37	18,21
13	Гвинея-Бисау	1,08	1,36	1,12
14 -29	Гаити, Либерия, Мадагаскар, Малави, Мали, Мозамбик, Непал, Нигер, Руанда, Сан-Томе и Принсипи, Сьерра-Леони, Соломонов аралы, Тәжікстан, Танзания, Того, Йемен	110,49	84,96	110,9
Барлығы	519,59 млн. SDR*	183,12	168,40	168,07
*СДР (SDR) Арнайы қарыз алу құқығы немесе SDR – бұл Халықаралық валюта қоры шығарған жасанды резерв және төлем құралдары. Оның тек банктік шоттардағы жазбалар түріндегі қолма-қол ақшасыз нысаны бар.				
Ескерту – [6] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған				

1-кестедегі Халықаралық Валюта Қорының мәліметтеріне сәйкес, 3 түрлі траншпен берілетін жеңілдетілген қаржы көлемі 519,59 млн. SDR тең. Тізімде жалпы Африка елдері және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) аймағынан Тәжікстан Республикасы 7,83; 5,22; 3,91 млн. SDR (барлығы

16,96) көлемінде қаржылық көмек алды. Яғни, ХВҚ-ң мәліметтерін негізге ала отырып, пандемия салдарынан миллиондаған халқы бар 26 мемлекеттің әл-ауқатының күрт төмендегенін көреміз.

ХВҚ-ң 2021 жылғы қаржылық көмек негізінде Несиелеу картасында Азия-Тынық мұхит аймағы, Европа, Таяу Шығыс және Орталық Азия, Сахараның оңтүстігіндегі Африка, Батыс жарты шар аймақтарына 1 СДР= 1,43499 долл. 2021 жыл 30 сәуірдегі айырбас бағамына сәйкес қаржыландыру жүргізілген.

2-суретте COVID-19 салдарынан туындаған кедей аймақтарының құрамы пайызбен талданады.



Сурет 2 – COVID-19 салдарынан туындаған кедей аймақтарының құрамы (%), 2020 жыл
Ескерту – [7] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

COVID-19 дағдарысынан кейін, 2020 жылы кедейліктің аймақтық құрамы бойынша жаңа қалыптасқан кедейліктің (1,90 долл.) ең төменгі шегі Оңтүстік Азияда (56 %) орналасқан, дағдарысқа дейін 49 %-ды құраған еді (4 % өскен). Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африкада жаңа қалыптасқан кедейліктің (1,90 долл.) ең төменгі шегі 40 %-ға тең, дағдарысқа дейін 26 % құраған (кедейлік 14 % өскен). Оңтүстік Азия және Шығыс Азия мен Тынық мұхиты елдерінде кедейліктің жоғары шегі 5,50 долл. алғанда 93 % және 64 % құрап отыр. Орташа деңгейдегі кедейлер де 3,20 долл. алғанда Оңтүстік Азия (осы аймақта ТМД елдерінен: Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Өзбекстан) және Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка жерлерінде жаңа қалыптасқан кедейлік 115 % және 24 % тең.

Әлем бойынша пандемия нәтижесінде 2021 жылғы Дүниежүзілік банк мәліметтеріне сәйкес, 97 млн. адамның бір күндегі тұтынуға жұмсайтын қаражаты 1,90 долл., яғни, ең төменгі шегіне сәйкес. Бұл жағдай кедейшілік деңгейін 7,8 %-дан 9,1 %-ға өсіріп отыр [8].

Қорытындылай келе, 2020 жылы пандемия әлем бойынша кедейліктің аймақтық құрамына өзгеріс енгізіп, жаңа кедейліктің қалыптасуына алып келіп отыр.

М. Портердің Әлеуметтік даму индекстеріне сәйкес 3 блокқа бөлінген 52 түрлі индикаторларды Қазақстан Республикасының 2021 жылғы мысалында қарастырамыз. Аталған әлеуметтік индекстері 0 мен 100 аралығында болады (Кесте 2).

Кесте 2 – Қазақстан мысалындағы М. Портердің 2021 жылғы Әлеуметтік даму индекстері

Индикаторлар түрлері	1 блок	Мәні	2 блок	Мәні	3 блок	Мәні
	Адамға қажетті 1-ші кезектегі қажеттіліктері	86,49	Адамның тұрмыс-жағдайы	75,83	Адамдарның даму мүкіндігі	54,38
	Тамақтану мен медицина қызметтері	95,53	Білімге қол жетімділігі	94,54	Жеке адам құқықтары	53,63
	Су мен санитарлық жағдайы	93,93	Ақпарат және коммуникация жетімділігі	78,20	Толеранттылық пен инклюзивтілік	30,01
	Баспана	91,89	Денсаулық	61,69	Жеке бостандық және таңдау	71,58

Ескерту – авторлар дереккөз негізінде құрастырған [9]

2-кесте мәліметтеріне сәйкес, Әлеуметтік даму индекстері ішінде 3 блоктағы индикаторлар көрсеткіштерінің төмендігі көрінеді, яғни, адамдарның даму мүкіндігі, жеке адам құқықтары, толеранттылық пен инклюзивтілік бойынша өте төменгі шаманы көрсетеді. Қазақстан Республикасының Инклюзивті экономика моделі негізінде дамуға бағытталған мелекеттің осал тұсы 30,01 шамаға тең, яғни, ең төменгі көрсеткіш болып отыр. Бұл индикатордың синергиялық әсері бар екенін ұмытпауымыз керек, яғни, басқа салаларға да кері әсері туындауы мүмкін.

Сонымен қатар, жоғары индикаторларға: адамға қажетті 1-ші кезектегі қажеттіліктері, тамақтану мен медицина қызметтері, су мен санитарлық жағдайы, баспана, ақпарат және коммуникация жетімділігі сияқты шамаларды атап өтуге болады. Жалпы, М. Портердің Әлеуметтік даму индексіне сәйкес Қазақстан әлем бойынша 168 мемлекеттің ішінде 64 орында.

Қорыта келе, М. Портердің әлеуметтік даму индексіне сәйкес Қазақстанның төменгі әлеуметтік индикаторларына және жалпы экономикасына пандемияның да әсері болды. Сондықтан мемлекет тарапынан түрлі жұмыстарды жүргізу қолға алынды.

Пандемияның бірінші толқыны басталғаннан бастап, үкімет мемлекеттік бюджеттен қосымша шығындарды көбейте бастады. 2020 жылы бөлінген қаржыландыру денсаулық сақтау жүйесіне 232 млрд. теңге және 2021 жылы 265 млрд. теңге қосымша шығындарға: медициналық қызметтерге жұмсалған шығындарға, вакциналарды, ПТР (ПЦР) сатып алуды қоса алғанда, сынақтар мен медициналық мекемелердің құрылысына және 2021-2023 жылдары медицина қызметкерлерінің жалақысын өсіру туралы сметасы 557 млрд. теңге қаражаты белгіленген [10].

Сонымен қатар, басқа да қосымша шығындар орын алды, оның жалпы құны 2 591 млрд. теңгені құрады. Жұмыссыз қалған азаматтарға қаржылай көмектер, атап айтқанда, жұмыссыздарға, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға ақшалай төлемдер, яғни, бір адамға айына 42 500 теңге 4,5 млн. адамға жәрдемақы төленді [10].

Қосымша шығындар ішінде «Қарапайым заттардың экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидияланған несиелеу 1 трлн. теңгені құрап (2021 жыл, қыркүйек), өсім 600 млрд. теңге жетті. Шағын және орта бизнестегі айналым капиталын қаржыландыруды субсидиялау бойынша 2021 жылдың қыркүйегінде 800 млрд. теңгені құрап, өсімі 600 млрд. теңгеге өскен. Жұмыспен қамтудың «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасына жұмсалған шығындар 1,8 трлн. теңгені құрады және басқа да шығындар орын алды [10].

Пандемия салдарынан жоғалтқан шығындар сомасы 800 млрд. теңгеге тең. COVID-19 кезінде жабылған ірі сауда орталықтары, кинотеатрлар үшін салық жеңілдіктері, жеке кәсіпкерлер мен шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерін салықтан босатулар орын алып жоғалтқан шығын көлемін өсірді [10].

Азық-түлік пен әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерге қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша жеңілдіктер, мысалы, коммуналдық төлемдердің төмен деңгейі бойынша, қиын салаларға қосымша қолдау көрсету, мысалы, азаматтық авиация үшін ҚҚС-тен босату, жер салығы мен туризм үшін ҚҚС босату, ауыл шаруашылығын жер салығынан босату, өндірушілер, осал секторлардағы ШОБ субъектілері үшін мүлік салығын төлеуден босату, сонымен қатар, екінші карантинге байланысты салықтық жеңілдіктер де ұзартылды сияқты шаралар негізінде жоғалтқан шығындар орын алды.

Сонымен қатар, кейінге қалдырылған кірістер: жалақы салықтарын 2020 жылы 1 сәуірден 1 маусымға дейінге кейінге қалдару орын алды [10].

Орын алған шектеулер (локдаун) нәтижесінде халықтың әл-ауқаты төмендеп, жұмыссыздар саны өсті. Әлем бойынша 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 255 млн. адам (8,8 %) жұмысынан айрылды [11].

Қазақстан Республикасында жұмыссыз қалған азаматтардың кәсіби деңгейін және дағдыларын көтеру мақсатында 2021 жылы шілде айынан бастап, онлайн skills.enbek.kz платформасы «Өз дағдыларыңды көтеру» негізінде онлайн оқу жүргізілуде. Кәсіби тәжірибесін көтеруге 7,7 мың адам тіркелген, олардың 5,4 мың азаматы жұмыссыздар және 2,3 мың азаматы жастар [12].

Әдебиеттерге шолу. Жаһандық деңгейде орын алған пандемияның әлем бойынша кедейлік аймақтар құрамының өзгеруі мен бұрынғы кедейлерден басқа жаңа кедейлердің қалыптасуын зерттеуде

отандық, шетел ғалымдары мен халықаралық ұйымдардың статистикалық мәліметтеріне тоқталып, талдау жасалды.

Отандық зерттеуші Г. Б. Молдабеков еңбектерінде БҰҰ-ң 2015 жылы әлемдік көшбасшылар 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму Күнтәртібі туралы, Халықаралық еңбек ұйымының бағалауы бойынша дамушы елдердің экономикалары үшін әлеуметтік қорғаудың ең төменгі шегін қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың орташа шамасы ұлттық ЖІӨ-нің 1,6 %-на теңесуі туралы, COVID-19 дағдарысы кезінде қажетті қызметтерге қол жетімділігін қамтамасыз ету, емдеу шараларын жәрдемақы пакеттеріне біріктіру арқылы шығындарды көбейту мәселелері орын алады [13].

Ресей ғалымы П. М. Лукичев зерттеу жұмысында коронавирустық дағдарыс туындатқан «Жаңа теңсіздік» көрінісінің негізгі формалары талданады. Сонымен қатар, дамыған елдердегі қазіргі теңсіздіктің күшеюінің себептері, әртүрлі жұмысшы топтарының әл-ауқатындағы тенденциялары қарастырылады [14]. Ресей ғалымы А. Н. Шеремет зерттеу жұмысында әлеуметтік теңсіздік пен кедейлік бүкіл әлемдегі мемлекеттік органдардың алдында тұрған ең өткір мәселелесіне, теңсіздікті түзетуге бағытталған тиімді мемлекеттік экономикалық саясатқа, кедейлікпен күрестің негізгі факторына, COVID-19 пандемиясының аясында жалпы әлемдегі әлеуметтік-экономикалық мәселенің ушығуына, «байлар мен кедейлер шегі» арасындағы алшақтықтың едәуір орын алғандығына тоқталады [15].

Қытай және түрік ғалымдары Т. Chen, С. Коо, түрік ғалымы G. Gozgor зерттеушілері пандемиялық белгісіздіктің табыс теңсіздігіне әсері эмпирикалық түрде зерттелген. Зерттеу жұмысында пандемиялық белгісіздіктің жаңа өлшемін, Дүниежүзілік пандемияны талқылау индексі (WPDI) және салықтан кейінгі Джини коэффициентіне, 1996-2020 жылдары аралығындағы 141 мемлекеттің деректеріне тоқталған [16].

Шетел зерттеушілері J. N. Ng'ombe, K. N. Addai, O. Temoso-ның ғылыми зерттеу жұмыстарында Ганадағы шағын үй шаруашылықтарының әл-ауқатындағы гендерлік айырмашылықтары зерттелген. Үй шаруашылығын басқаратын ерлер мен әйелдер арасындағы әл-ауқат деңгейінің айырмашылықтары өлшеніп, күнделікті азық-түлік кедейлігі, азық-түлік тұтынудағы осалдық және теңсіздіктер және оларға әсер ететін ковариаттар жиынтығы анықталған. Зерттеу 900 фермалық үй шаруашылығы негізінде жүргізілген [17].

БҰҰ жинақтарында Ұйымның Даму Бағдарламасы жариялаған жаңа талдауларында, дамушы елдердегі Covid-19 вакциналарының аз ғана бөлігі енгізілуі нәтижесінде байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықтың артуына әкелетіндігі пайымдалады [18].

АҚШ ғалымы R. Estes 1970-2018 жылдар аралығындағы Азия, Африка және Латын Америка жерлеріндегі 50 жылға уақыт аралығындағы халықтың әлеуметтік жағдайларын талдайды [19].

Ресей ғалымдарының ішінен, А. Вебер мемлекеттік инклюзивті экономикалық өсуге қол жеткізуі туралы болса [20], В. Воловичтің зерттеулері жаңғырумен байланысты және сол арқылы әлеуметтік мәселенің шешімінің табылатындағы және басқа салаларға синергиялық оң әсері туралы жазады [21].

Нәтижелер. Әлемде қалыптасып отырған теңсіздік шектерінің пандемияға дейінгі және пандемия уақытындағы өзгерістер мәліметтері негізінде кедейлік шегінің құрылымының өзгерісінің қалыптасуы анықталды, сонымен қатар, Халықаралық Валюта Қоры кедей елдерге 2020 жылдан бастап жүргізген қаржылық көмек шаралары негізінде дағдарысқа қарсы шаралар жүргізіліп, кедейлер санының өсуіне кедергі шаралары негізінде, халықтың әл-ауқатына және жалпы бизнеске қолдау жасау жұмыстарының аясындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің күрделенуіне жол бермеу мәселесі анықталды. Пандемия уақытында Қазақстан Республикасында онлайн жобалардың жүргізілуі арқылы, жұмыссыз азаматтардың онлайн түрде тіркеліп, дағдыларын көтеруге сұраныстың өсуі және XX ғасырдың 30 жылдарындағы Ұлы дағдарыс пен пандемия салдары мәліметтерін талдау нәтижесінде, соңғысының соққысының үлкен екендігі белгілі болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Пандемия барлық салаларды қамтып, халықтың әл-ауқатын төмендетіп, табысын құлдыратып, еңбек нарығына үлкен соққы беру нәтижесінде мыңдаған азаматтардың кедейлер қатарына қосылды.

Кедейлік деңгейінің шектеріне түскен халықты қиын жағдайдан шығару үшін Халықаралық еңбек Ұйымы (ХЕҰ) қарқынды түрде жұмыс жасап жатыр.

Әлеуметтік қорғау, мәжбүрлі және балалар еңбегін жою, еңбек өнімділігін арттыру, жастарды жұмыспен қамту, шағын және орта бизнесті, дағдыларды дамытудың нақты мақсаттарымен қамтамасыз етілген бұл жаһандық мақсат бүкіл әлемдегі адамдар мен үкіметтердің экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктеріне таптырмас жауап болып табылады.

Халықаралық еңбек Ұйымы еңбек мәселесін Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес іске асыру күнтізбе жоспарындағы негізгі басымдылық. Қазақстан Республикасының да басымдылық бағыттарының бірі лайықты жұмыс мүмкіндіктерін жасап қана қоймай, сонымен қатар неғұрлым тұрақты, инклюзивті және кедейлікті төмендетуді қамтамасыз ету болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Goal 10. Reduce inequality within and between countries [Электронды ресурс] // SDG 2030 United Nations [web-сайт]. – д.ж. – URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/inequality/> (Қарау уақыты: 28.04.2022).

2. Қазақстан Республикасы президентінің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [web-сайт]. – 2022. – URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (Қарау уақыты: 16.04.2022).

3. Gopinath G. A Disrupted Global Recovery [Электронды ресурс] // IMF Blog [web-сайт]. – 2022. – URL: <https://blogs.imf.org/2022/01/25/a-disrupted-global-recovery/> (Қарау уақыты: 25.04.2022).

4. World Bank. World Development Report 2022: Finance for an Equitable Recovery. – Washington, DC: World Bank, 2022. – 258 p. – DOI: 10.1596/978-1-4648-1730-4.

5. Reinhart C. M. Covid-19 and the Reversal Problem [Электронды ресурс] // XXIV Annual Conference of the Central Bank of Chile. – The World Bank Group, 2021. – 11 p.

6. International Monetary Fund. Build Forward Better IMF Annual Report 2021. – 2021. – 74 p.

7. Lakner C., Yonzan N., Mahler D., et. al. Updated estimates of the impact of COVID-19 on global poverty: The effect of new data [Электронды ресурс] // World Bank Blogs [web-сайт]. – 2020. – URL: <https://blogs.worldbank.org/opendata/updated-estimates-impact-covid-19-global-poverty-effect-new-data> (Қарау уақыты: 25.04.2022).

8. Sánchez-Páramo C., Hill R., Mahler D., Narayan A., Yonzan N. Covid-19 leaves a legacy of rising poverty and widening inequality [Электронды ресурс] // World Bank Blogs [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://blogs.worldbank.org/developmenttalk/covid-19-leaves-legacy-rising-poverty-and-widening-inequality> (Қарау уақыты: 25.04.2022).

9. Indicators of social progress 2021 [Электронды ресурс] // The Social Progress Imperative [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://www.socialprogress.org/?code=KAZ> (Қарау уақыты: 28.04.2022).

10. Fiscal monitor: database of country fiscal measures in response to the Covid-19 pandemic [Электронды ресурс] // International Monetary Fund [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://www.imf.org/en/Topics/imf-and-covid19/Fiscal-Policies-Database-in-Response-to-COVID-19> (Қарау уақыты: 30.04.2022).

11. Что ждет рынок труда в 2021 году – обзор МОТ [Электронды ресурс] // ООН [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://news.un.org/ru/story/2021/01/1395062> (Қарау уақыты: 30.04.2022).

12. Более 7,4 тыс. казахстанцев прошли обучение на платформе skills.enbek.kz в 2021 году [Электронды ресурс] // Министерство Труда и социальной защиты населения РК [web-сайт]. – 2022. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/323073?lang=ru> (Қарау уақыты: 05.05.2022).

13. Молдабеков Г. Б. Социальная поддержка населения в условиях пандемии // Сборник трудов Международной научно-практической конференции «Современные тенденции и перспективы развития национальных экономик в условиях вызовов мировой пандемии». – Нур-Султан, 2020. – С. 61-65.

14. Лукичев П. М. Новое неравенство и экономический рост после Covid-19 // Вестник Удмуртского университета. – 2021. – № 31(3). – С. 380-387.
15. Шеремет А.Н. Пандемия неравенства. Социально-экономические аспекты и последствия COVID-19 // Медицина. Социология. Философия. Прикладные исследования. – 2020. – № 4. – С. 136-141.
16. Chen T., Gozgor G., Koo C. Pandemics and Income Inequality: What Do the Data Tell for the Globalization Era? // Journal Frontiers in Public Health. – 2021. – № 9. – Article 674729. – DOI: <https://doi.org/10.3389/fpubh.2021.674729>.
17. Addai K. N., Ng'ombe J. N., Temoso O. Food Poverty, Vulnerability, and Food Consumption Inequality Among Smallholder Households in Ghana: A Gender-Based Perspective // Social Indicators Research. – 2022. – № 163. – P. 661–689. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s11205-022-02913-w>.
18. UN analysis shows link between lack of vaccine equity and widening poverty gap // [Электронды ресурсы] // ООН [web-сайт]. – 2022. – URL: <https://news.un.org/en/story/2022/03/1114762> (Қарау уақыты: 30.04.2022).
19. Estes R. J. The Social Progress of Nations Revisited, 1970–2020. – Springer Nature Switzerland AG, 2019. – 257 p.
20. Вебер А. Социальный прогресс: вопросы измерения, сравнительный анализ и вопросы политики // Журнал социологических наук и социальной практики – 2015. – № 3(11). – С. 5-16.
21. Волович В. Модернизация и социальный прогресс // Журнал Проблемы модернизации и перехода к инновационной экономике. – 2014. – № 1(49). – С. 13-19.

REFERENCES

1. Goal 10. Reduce inequality within and between countries. SDG 2030 United Nations website. Retrieved April 28, 2022, from <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/inequality/>.
2. Kazakhstan Respublikasy prezidentinin «Zhaңa Kazakstan: zhanaru men zhangyru zholy» Zholdauy. (2022). Official site of the President of the Republic of Kazakhstan. Retrieved April 16, 04, 2022, from <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (In Kazakh).
3. Gopinath, G. A (2022). Disrupted Global Recovery. IMF Blog. Retrieved April 25, 2022, from <https://blogs.imf.org/2022/01/25/a-disrupted-global-recovery/>.
4. World Bank. (2022). World Development Report 2022: Finance for an Equitable Recovery. Washington, DC: World Bank, 258 p., DOI: 10.1596/978-1-4648-1730-4.
5. Reinhart, C. M. (2021). Covid-19 and the Reversal Problem. XXIV Annual Conference of the Central Bank of Chile. The World Bank Group, 11 p.
6. International Monetary Fund. (2021). Build Forward Better IMF Annual Report 2021. 74 p.
7. Lakner, C., Yonzan, N., Mahler, D. and et. al. (2020). Updated estimates of the impact of COVID-19 on global poverty: The effect of new data. World Bank Blogs. Retrieved April 25, 2022, from <https://blogs.worldbank.org/opendata/updated-estimates-impact-covid-19-global-poverty-effect-new-data>.
8. Sánchez-Páramo, C., Hill, R., Mahler, D., Narayan, A. and Yonzan, N. (2021). Covid-19 leaves a legacy of rising poverty and widening inequality. World Bank Blogs. Retrieved April 25, 2022, from <https://blogs.worldbank.org/developmenttalk/covid-19-leaves-legacy-rising-poverty-and-widening-inequality>.
9. Indicators of social progress 2021. (2021). The Social Progress Imperative. Retrieved April 28, 2022, from <https://www.socialprogress.org/?code=KAZ>.
10. Fiscal monitor: database of country fiscal measures in response to the Covid-19 pandemic. (2021). International Monetary Fund. Retrieved April 30, 2022, from <https://www.imf.org/en/Topics/imf-and-covid19/Fiscal-Policies-Database-in-Response-to-COVID-19>.
11. Chto zhdet rynek truda v 2021 godu – obzor MOT. (2021). Website of the UN. Retrieved April 30, 2022, from <https://news.un.org/ru/story/2021/01/1395062> (In Russian).
12. Bolee 7,4 tys. kazahstancsev proshli obuchenie na platforme skills.enbek.kz v 2021 godu. (2022).

Ministry of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan. Retrieved May 5, 2022, from <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/323073?lang=ru> (In Russian).

13. Moldabekov, G. B. (2020). Social'naya podderzhka naseleniya v usloviyah pandemii. Proceedings of the International Scientific and Practical Conference «Sovremennye tendencii i perspektivy razvitiya nacional'nyh ekonomik v usloviyah vyzovov mirovoj pandemii». Nur-Sultan, 61-65 (In Russian).

14. Lukichev, P. M. (2021). Novoe neravenstvo i ekonomicheskij rost posle Covid-19. Bulletin of the Udmurt University, 31(3), 380-387 (In Russian).

15. Sheremet, A. N. (2020). Pandemiya neravenstva. Social'no-ekonomicheskie aspekty i posledstviya COVID-19. Medicina. Sociologiya. Filosofiya. Prikladnye issledovaniya, 4, 136-141 (In Russian)..

16. Chen, T., Gozgor, G. and Koo, C. (2021). Pandemics and Income Inequality: What Do the Data Tell for the Globalization Era? Journal Frontiers in Public Health, 9, 674729, DOI: <https://doi.org/10.3389/fpubh.2021.674729>.

17. Addai, K. N., Ng'ombe, J. N. and Temoso, O. (2022). Food Poverty, Vulnerability, and Food Consumption Inequality Among Smallholder Households in Ghana: A Gender-Based Perspective. Social Indicators Research, 163, 661–689, DOI: <https://doi.org/10.1007/s11205-022-02913-w>.

18. UN analysis shows link between lack of vaccine equity and widening poverty gap. (2022). Website of the UN. Retrieved April 30, 2022, from <https://news.un.org/en/story/2022/03/1114762>.

19. Estes, R. J. (2019). The Social Progress of Nations Revisited, 1970–2020. Springer Nature Switzerland AG, 257 p.

20. Veber, A. (2015). Social'nyj progress: voprosy izmereniya, sravnitel'nyj analiz i voprosy politiki. Zhurnal sociologicheskikh nauk i social'noj praktiki, 3(11), 5-16 (In Russian).

21. Volovich, V. (2014). Modernizaciya i social'nyj progress. Zhurnal Problemy modernizacii i perekhoda k innovacionnoj ekonomike, 1(49), 13-19 (In Russian).

IMPACT OF THE PANDEMIC ON CHANGING GLOBAL POVERTY RATES

A. A. Ibragimova¹, G. U. Makenova^{1*}, M. K. Tuleubayeva²

¹Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

²Satbayev University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of this article is to study the impact of the global pandemic on the deterioration of social conditions, property inequality and changes in the poverty line. The solution of socio-economic problems around the world is connected with inclusive economic development.

Methodology. Collection, processing and generalization of information when analyzing the reduction and elimination of global social inequality, changes in poverty as a result of pandemics, the amount of funding to ensure a minimum level of social protection in countries, common logical methods were used to analyze and compare materials from international organizations and foundations, domestic and foreign researchers.

Originality/ value of the research. To prevent the growth of poverty at the global level, increasing the value of the article is aimed at the cluster development of the Republic of Kazakhstan based on the model of inclusive economic development by analyzing scientific works and world scientists and materials of international organizations, identifying shortcomings and weaknesses of social problems.

Findings. The article examines the changes in global poverty caused by the coronavirus crisis, the gender gap among those who lost their jobs due to the pandemic, the impact of the pandemic on households and medium and small businesses, concessional lending by the IMF to 29 poor countries to overcome the pandemic crisis and Kazakhstan's anti-pandemic programs.

In the analysis, the author examines the goals of the UN Sustainable Development Agenda for the period up

to 2030, the World Development Report 2022 of the World Bank. The report analyzes the stages of concessional lending by the International Monetary Fund (IMF) to poor countries and the IMF fiscal monitor, as well as fiscal measures of the Republic of Kazakhstan in response to the global pandemic.

Keywords: pandemic, inequality, rich, poverty, inclusive, social problems, standard of living.

ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ НА ИЗМЕНЕНИЕ ГЛОБАЛЬНОГО УРОВНЯ БЕДНОСТИ

А. А. Ибрагимова¹, Г. У. Макенова^{1*}, М. К. Тулеубаева²

¹Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

²Казахский национальный исследовательский технический университет имени К. И. Сатпаева, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Целью данной статьи является изучение влияния глобальной пандемии на ухудшение социальных условий, имущественное неравенство и изменение черты бедности. Решение социально-экономических проблем во всем мире связано с инклюзивным экономическим развитием.

Методология. Сбор, обработка и обобщение информации при анализе сокращения и ликвидации глобального социального неравенства, изменения бедности в результате пандемий, объемов финансирования для обеспечения минимального уровня социальной защиты в странах, для анализа и сопоставление материалов международных организаций и фондов, отечественных и зарубежных исследователей использовались общие логические методы.

Оригинальность / ценность исследования. Для предотвращения роста бедности на глобальном уровне, повышение ценности статьи направлено на кластерное развитие Республики Казахстан на основе модели инклюзивного экономического развития путем анализа научных трудов и мировых ученых и материалов международных организаций, выявления недостатков и слабых мест социальных проблем.

Результаты исследования. В статье рассматриваются изменения глобальной бедности, вызванные коронавирусом кризисом, гендерный разрыв среди тех, кто потерял работу из-за пандемии, влияние пандемии на домохозяйства и средний, малый бизнес, льготное кредитование МВФ 29 бедным странам для преодоления пандемического кризиса и программы Казахстана против пандемии.

В анализе автор рассматривает цели Повестки дня ООН в области устойчивого развития на период до 2030 года, «Доклад о мировом развитии 2022» Всемирного банка. В отчете анализируются этапы льготного кредитования Международным валютным фондом (МВФ) бедным странам и фискальным монитором МВФ, а также фискальные меры Республики Казахстан в ответ на глобальную пандемию.

Ключевые слова: пандемия, неравенство, богатые, бедность, инклюзивное, социальные проблемы, уровень жизни.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Ибрагимова Акгуль Амангельдиевна – экономикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: akgul.ibragimova@narхоз.kz, ORCID 0000-0001-7645-2204

Макенова Гульсим Уалихановна – экономикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: makenovagulsim3@gmail.com, ORCID 0000-0002-1684-1694*

Тулеубаева Мейрамкуль Каленовна – экономикалық ғылымдар кандидаты, профессор, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: mika75.75@mail.ru, ORCID 0000-0002-8113-8532